

## **Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Польша Ұлттық Банкі арасындағы ынтымақтастық туралы шарт**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Польша Ұлттық Банкі бұдан әрі «Тараптар» деп аталады, өздерінің өкілеттіктері шегінде Тараптар арасындағы екі жақты ынтымақтастықты дамыту және бекіту жөнінде мәлімденген күш-жігерге назар аудара отырып, Тараптар мыналар жайында келісті:

### **1-бап**

Тараптар ақпарат және практикалық тәжірибе, сондай-ақ қаржы нарықтарының саласындағы проблемаларды шешуді алмасу саласында ынтымақтастық орнатады.

### **2-бап**

**2.1 Тараптар ынтымақтастықты мынадай жолдармен:**

- a) орталық банкті ұйымдастырудың мақсаттары мен міндеттеріне қатысты құқықтық реттеу саласында, қызметкерлерді басқару саласында ақпарат алмасу арқылы;
- b) ақша-кредит саясаты саласында ақпарат алмасу арқылы;
- c) орталық банк қызметінің басқа да бағыттарына қатысты ақпарат және тәжірибе алмасу арқылы;
- d) консультациялар, курстар, семинарлар, тағылымдамалар, оқу сапарларын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатынын бірауыздан мәлімдейді.

**2.2 Тараптар осы баптың 2.1-тармағының d) тармақшасында көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты шығыстарды, оларды есептеу және ақы төлеу тәртібін әрбір жоба үшін бөлек айқындайды.**

**2.3 Тараптар, егер ұлттық қауіпсіздік талаптарына байланысы болса, осы Шарттың мақсаттары үшін қандай да бір ақпаратты (материалды) беруден не қандай да бір іс-әрекетті жасадан бас тартатыны жөнінде келісті.**

**Мұндай жағдайда, одан бас тартқан Тарап бас тарту себебін жазбаша хабарлайды.**

### **3-бап**

**3.1 Тараптар осы Шартты орындауға жауапты бөлімшелер мен тұлғалар тағайындаиды.**

**3.2 Тараптар оны орындауға байланысты ерекше рәсімдерді көздемейді. Алайда, Тараптар ең алдымен ұлттық, қызметтік және банктік құпияларға**

қатысты талаптарды ескере отырып, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының талаптарын басшылыққа алады.

#### 4-бап

4.1 Осы Шартқа Шарттың протоколдарымен ресімделетін өзгерістер енгізуге болады.

4.2 Осы Шарт белгілі бір мерзімге жасалады және Тараптардың бірі басқа Тараптың оның қолданылуын тоқтатпақ ойы бар екендігі жөніндегі тиісті жазбаша хабарламасын алған күннен бастап екі ай өткенге дейін күшінде қалады. Осы Шартты қолданудың тоқтатылуы ол қолданыста болған кезеңде жасалған шарттар (келісім-шарттар) бойынша жобаларды олар толық аяқталғанға дейін орындауға әсерін тигізбейді.

#### 5-бап

Осы Шарттың ережелерін түсіну немесе қолдану кезінде даулар және келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды Тараптардың өкілдерінің өзара консультациялары және келіссөздері арқылы шешеді.

#### 6-бап

Осы Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді, оған әр түрлі уақытта қол қойылған жағдайда, күшіне енүі үшін соңғы қол қойылған күн есептеледі.

2007 жылғы «29» наурызда Астана қаласында екі түпнұсқалық нұсқада қазак, поляк, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің зан күші бірдей.

Осы Шарттың ережелерін түсінуде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге сүйенеді.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі үшін

қол қойылған күн:

Польша  
Ұлттық Банкі үшін

қол қойылған күн:

23/03/2007